МКҚК «Ақберен» бөбекжай
балабақшасының
педагогикалық мәжілісінің
хаттамалары

2023 - 2024 оқу жылы

Б/б меңгерушісі: Б. Мусурманкулова

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МАҚТААРАЛ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ №4 «АҚБЕРЕН» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ БСН 111140010693

Педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасы.

28.08.2023ж

Қатысқаны-13
Қатыспағаны-2

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: "2023-2024" жаңа оқу жылындағы балабақша жұмысының негізгі бағыттары"

Мақсаты: 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары және негізгі жылдың міндеттемелерін талқылау, бекіту.

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, Ф.Б қорытындысы.

Б. Мұсирманкулова

2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.

М. Байнеезова

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныс-у.

Б. Мұсирманкулова

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.

М. Байнеезова

- Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі. Топ балалар тізімін бекіту.

Г. Исабекова

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б. Мұсирманкулова сөз алды. Ол өз сөзінде: жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, балабақшаның жаңа оқу жылындағы жылдық мақсат міндеттерімен, және де балабақшаның күн тәртібімен, жылдық міндеттемелерін бекітті. Ол өз сөзінде: Балаларға жан-жақты сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып, аянбай еңбек етеміз. Бөлмелерді жөндеу қорытындысына қарағанда бөлмелерде көптеген үлкен өзгерістер, алда дамуы бар. Балабақша ұжымы үнемі балалар-

дау денсаулығын сақтау мен нығай-
туды, сонымен қатар қауіпсіздігі
мен салауатты өмір салтын ұс-
тануда тәрбиелеуді естен шығарма-
ған жөн.
Балабақшаның жаңа оқу жылына дай-
ындығы жөнінде өз сөзінде: Балабақ-
ша 2023-2024 жаңа оқу жылына
толығымен дайын екендігін, атап
айтқанда: Балабақша ауласы және
балабақша іші толығымен ақталып,
сырланғанын, аулададағы балалар ой-
найтын ойын алаңының қауіпсіздігі,
тазалығы, балалар ойнайтын ойын-
сырғанақтары, әткеншектері, матра-
лар толық жөндеуден өткенін, демек
балаға ыңғайлы әрі қауіпсіз екенді-
гін, балабақша іші де баланың жатын
орны, ойын бөлмесі, киім бөлмесі дерлік
барлығы жөндеуден өтіп, балаға жай-
лы, кереметтей көңіл-күй сыйлайтын-
дай жабдықталған, кереует, үстел, орын-
дық, шкафтар барлығы бірге жаңа
оқу жылына жаңартылып, баланың
жас ерекшелігіне сай жабдықталып,
сонымен қатар, балаға арнайы дамы-
тушы ойындар, ойыншықтар, түрлі
логикалық фигуралар, түр-түстерге, үй
жануарлары - жабайы жануарларды
ажырататын, заттық дамытушы
ойындарымен жабдықталып, бала-
ның жағдайын жасалғанын толық
айта аламын. Алдағы уақытта
педагогтарда болашақ ұрпақ бала-
баланың тәрбиесіне, саналы біліміне
біздер мен сіздер жауаптымыздар,
аянбай еңбек етейік, еңбегіміздің
жемісін жей берейік, - деп өз сөзін
аяқтады.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша
әдіскері М. Байназова сөз алды.
Ол өз сөзінде: Мектепке дейінгі ұйымдағы
жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстың
негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын
ұйымдастыру және балалардың та-
нымдық қызығушылықтарын, шығар-
машылық қабілеттерін дамыту
үшін неғұрлым тиімді жағдайлар
жасау. Мектепке дейінгі ұйымда білім
беру процесіне қатысушылардың бар-
лығын қамтитын жазғы сауықтыру
жұмысын сауатты ұйымдастыру ба-
лалардың физикалық және психика-
лық денсаулығын нығайтуға, олардың
танымдық қызығушылықтарын дамы-
туға, сондай-ақ ата-аналарға қа-
жетті кеңес беруге, әдістемелік
көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту-ды дамыту моделінің міндеттері дені сау, білуге құмар, көпшіл, сын тұр-ғысынан ойлайтын балаларды қалып-тастыру мен әлеуметтендіруде және қазіргі заманғы теорияларды ұштасқан ерекшеліктерімен үйлесімді ұлттық негізінде баланың ерте дамыту процес-сінің тұтастығын қамтамасыз етуді қарастырады. Соның ішінде рухани адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптас-тыруды көздеген. Сондықтан баланың өмірі үшін де, тәрбиесі үшін де, тағы сауықтыру шараларының, ойын-дарының да пайдасы орасан зор деп ай-туға болады. Балаларды сауықтыру жүйе-сі мыналарды қамтиды:

- балалармен дене шынықтыру сауықтыру жұмыстары: (спорттық және жеңіл қозғалыс ойындары, музыкалық-ырғақтық қозғалыстар, шынығу, массаж, кілеммен жүру және т.б.)
- пайдалы тамақтану рационы (жеміс-тер мен көкөністер, т.б)
- балалар туризмі: табиғат аясында серуендеу т.б
- мерекелік шаралар
- ата-аналармен сауықтыру ағарту жұ-мыстары.

Осы аталған жаз мерзіміне арналған сауық-тыру шаралары жоспары бойынша жаз мерзімінде түрлі эстафеталық жарыстар өткізіліп, балалар іс-шараға өте көңіл-ді белсенді қатысты. Сонымен қатар тәжірибеде мен тәрбиешілер жалпы сауық-тыру және шынықтыру жұмыстарында қолды жуу, ауызды шаю, ауа және күн ванналарын қабылдау, жалаңаяқ құм, тас, шөп үстінен жүру, шайқау, душ ваннасы осы сияқты шынықтыру шара-ларын жүргізіп отырды. Күн ыстық уақыт-та балалардың аяқтарын көлеңкесінде тынықтау гимнастикалық кешенін орын-дап отырды. Сусындар, мәзір шырындар тосаптар барлығы балаларға қажетті түрде ұсынылып отырды, - деп ой соңы айтады.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Б. Мұхамбетқұлова сөз алды. Ол өз сөзінде: Қазақстан Республика-сының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу, білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулықпен таныс-тырып өтті.

әдістемелік нұсқаулықтың мақсатында еліміздің білім беру ұйымдарына әдіснамалық және оқу әдістемелік қолдау көрсету. Балаларды дамытуда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын әрекетке көшіп өтуі еркіндік беру бала дамуына зор көрсеткіш деуге болады. Тәрбиешілердің мектепалды даярлық сыныбында таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі жаттығу, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т.б.) серуендеу жеке жұмыс сондай-ақ үлгілік оқу жоспарына сәйкес кесте бойынша ұйымдастырылған іс әрекет өткізіледі. Мектепалды сыныптарында ортаң перспективалық жоспар жасалынған, іс-әрекетті осыдан әрі жүзеге асырады, деп өз сөзін аяқтады.

4. Төртінші мәселе бойынша: әдіскер Байнишова сөз алды. Ол өз сөзінде: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру төңірегінде сөз алды. Ол өз сөзінде: Бағдарламаның мақсаты - әр баланың қызығушылығы, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен негіздерде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Бағдарламаның міндеттері - мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауда, байытылған дамытушы заттық - кеңістік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, біліктері мен дағдыларын қалыптастыру мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру мен қатар балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отансүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілікке, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін бастапқы мүмкіндіктерді беру бол

табылады. Осы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту туралы үлгілік бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізіліп, күн тәртібінің, сабақ кестесінің тізімдерін осы үлгілік оқу жоспары бойынша әзірленіп, жұмыс жүргізілетінін айтып өз - сөзін аяқтады.

Балабақшаның психологы: Г. Усабекова Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестесін түзіп, топ балаларының тізімдерін жасақтап шықты. Мектепалды даярлық тобында - 29 бала, ересек топта - 22 бала, ортаңғы екі топтарда - 20 баладан, кіші топтарда екі топта - 15 баладан қабылданып, тізім жасалып, бекітілгенін айтып, - өз сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы ФО Б. қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулықпен таныстырылсын.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы қарастырылсын. Ұйымдастырылған іс - әрекет кестесі, топ балалар тізімі бекітілсін.

Жиналыс төрайымы: Б. Мусирманкулова
Хатшы: Б. Оразбекова

Педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы.

11.12.2023ж.

Қатысқаны – 18
Қатыспағаны – 2

Күн тәртібінде.

Тақырыбы: «Ел болашағы – бүгінгі ұрпақ қолында»

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру.
Міндеттері: Балалардың жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу, дамыту тұлғаларға жандандыру.

1. Педагогикалық аттестацияға байланысты құжаттар дайындау.
Б. Мұсырманқұлова
М. Байнезова

2. Кеңес: «Балабақшада баланың дені сау болу үшін!»
З. Исабекова

3. Денсаулық сақтау технологиясының түрлері әдіс тәсілдерін ҰІӘ енгізу. (Баяндама).
Б. Оразбекова

4. Ашық ҰІӘ қорытындысы.
Б. Мұсырманқұлова

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі: Б. Мұсырманқұлова сөз алды: Ол өз сөзінде: Аттестациядан өткен педагогтар құжаттарын дайындаған, жетістіктерін, марапаттарын, тестен өткен балдың көрсеткіш нәтижелерін тапсырып, осы құжаттарды қадағалап, тексеріп, қабылдап алып, осы іс пошімде әдіскер: М. Байнезоваға жүктеді. Осы мәселе бойынша әдіскер: М. Байнезова сөз алды: Ол өз сөзінде: Биылғы аттестациядан өтетін әрбір педагогты санаттылығын құттықтап, алдағы уақытта сапалы білім мен сапалы тәрбие берудегі жолда тынбай еңбек етуде шығармашылықпен еңбек етуге сәттілік тіледі. Аталған құжаттарды аттестациядан өтетін педагогтар құжаттарын толық тапсырғанын, ол құжаттар мөрленіп/бұйрықпен бекітілгенін айтты, өз сөзін алғыстар

Екінші мәселе бойынша балабақ- 52
шаның психологы Г. Исабекова "Бала-
бақшада баланың дені сау болу
үшін" атты тақырыпта кеңес өт-
кізді. Ол өз сөзінде: Балабақшада
болсын, отбасында болсын балалар-
дың салауатты өмір салтын қа-
лыптастырудың маңызы өте зор
екендігі бәрімізге мәлім жағдай.
Бүгінгі таңда балалардың денсау-
лығын сақтау мен нығайту, бүгін-
гі балабақшалардың басты мақсат-
тарының бірі болып отыр.
Баланың бақытты болуы үшін,
денінің сау болуы үшін үлкен қам-
қорлық жасауымыз керек. Дені сау
баланың алма-алма ойнақ, өз-өзіне
сенімді, жан-жақты дүниесімен
шаттана қарайтындай болуы
шарт. Бала денсаулығы мықты
болып, қозғалыс, дене күшімен
дұрыс жетілуі мектепке дейінгі
кезеңде қалыптасады. Сонымен қатар
бала организмінің төзімділігін жетіл-
діру, қабілетін арттыру - ең басты
міндетіміз. Балалардың денсаулығын
нығайту спортқа әуестендіріп,
күн тәртібі ережелерін сақтай
білуге, жаңа инновациялық жолдар
арқылы салауаттылыққа
тәрбиелеуіміз керек.
Жан-жақты физикалық жетілген,
денсаулығы жақсы баланы өсіріп
тәрбиелеу әрбір ата-ана мен ба-
лабақшаның міндеті.
Балабақшада баланың дені сау
болуы үшін айтар кеңесім - дене
бұлшық еттерінің дамуын тұрақты
жүргізіп, жүргізіп, ата-аналармен ынты-
мақтастықта, бірікте жұмыс
жасап, балалардың бақытты болып
өсуіне бірлесе отырып еңбек етуіміз
қажет. Сондай-ақ балаларымызды
әрқашан салауатты өмір салтына
баулып, әрі дені сау болып өсері-
сөзіз, - деп өз кеңесін аяқтады.
Екінші мәселе бойынша:
Б. Орынбекова "Денсаулықты сақтау
технологиясының тиімді әдіс-
тәсілдерін Ұ.І.Ә. енгізу" атты
тақырыпта баяндама оқыды.
Ол өз баяндамасында: Жан-жақты
физикалық жетілген және денсау-
лығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу
әрбір ата-ана мен балабақшаның
міндеті. Еліміздің білім саласын-
да жүргізіліп жатқан реформа-
ның басты мақсаты - ой - өрісі жаңа-

өріс қанатын, шығармашылық деңгейде міндет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.
Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту міндеті қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту міндеттерін шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Баланың денсаулығын нығайту және ауруын алдын алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін арттыру. Міндеті: жалаң аяқ жүру, табан мен бұлшықтарды, барлық жаттығуларды көптеп ұйымдастырудан өте тиімді болады. Тыныс алу жаттығуларын, шынықтыру шараларын, сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал жабдықтарды көптеп қолданған жөн. Мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологияларына келсек, мектепке дейінгі кезең - бала адамының өте қарқынды дамитын кезеңі екенін білеміз. Сондықтан да, мектепке дейінгі ұйымдарда денсаулық сақтау іс-шаралары кешенді де, жүйелі жүргізілуі қажет. Сонда және жаңа өсіп келе жатқан өскелең адам сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болады. Осындай тиімді әдіс-тәсілдерді күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде көбірек қолданып, пайдалана білсек, дене сау баланың қалыптасуына көбірек үлес қосқанымыз болар еді деп - өз сөзін аяқтады.
Төртінші міндет бойынша бала-бақша меңгерушісі: Б. Мустафанқулова сөз алды. Ол өз сөзінде: Қараша айында өтілген Қарлығаш тобының тәрбиешісі: З. Әзованың „Жомарт күз" атты тақырыбында өтілген ұйымдастырылған оқу қызметі өз деңгейінде өтілгенін, балалар іс-әрекетке қызығып өте белсенді түрде қатысқандығын дамыту түрі ойындары қызықты, түсініп, белсенді түрде орындағанын, оқу іс әрекетке алынған ойындар әдістемелік талаптарға сай, балалар денсаулығына қауіпсіз, жас ерекшеліктеріне сай алынғанын айтып өтті.

Және де «Ақбота» тобының тәрбиеші-
сі А. Сламбекованың «Сиқырлы пішін-
дер» атты тақырыбында өткізілген
ашық ұйымдастырылған іс әрекетін
жақсы деңгейде өткенін, балалар
іс әрекетке белсенді қатысқандығын,
көрнекілік, дамыту түрлі ойындар
әдіс тәсілдерін таңдауда, балаға
жас ерекшелігіне сай жабдықтал-
ғанын айтып, алдағы уақытта
тиімді пайдалана білуі керек,- деп
айтып өтті. Сонымен қатар
«Көгершін» ортаңғы топ тәрбиешісі:
Б. Оринбекованың «Күзгі орманға
саяхат» атты тақырыбында өткі-
зілген ашық ұйымдастырылған
оқу іс-әрекетін өз деңгейінде өткі-
згенін, көрнекіліктері мол, балалар-
ға берілген тапсырмалар бала жа-
сына сай жабдықталғаны, дәстүрден
тыс сурет салу техникасымен
балалар өте қызығып сурет бейнелеп,
балалар барлық дағдыларда бейімде-
ле жұмыс жасап, іс әрекетке бел-
сенді, қызыға қатысты,- деп өз сөзін
аяқтады.

Шешім:

1. Педагогикалық аттестациялау
бойынша құжаттар дайындалсын.

2. «Балабақшада баланың дені сау
болуы үшін» атты тақырыптағы
өткізілген кеңес қанағаттанарлық
деп табылсын.

3. «Денсаулық сақтау технологиясын
тиімді әдіс-тәсілдерін Ұ.І.Ә. енгізу»
атты тақырыбында өткен баяндама
қанағаттанарлық деп табылсын.

4. Ашық Ұ.І.Ә. қорытындысы қанағат-
танарлық деп табылсын.

Жиналыс төрайымы: [signature] Г. Мұхтармаханова
Хатшы: [signature] Б. Оринбекова